

УДК 347.75

Г. Б. Асетова,
заң ғылымдарының магистрі,
Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті азаматтық
және еңбек құқықтары кафедрасының
аға оқытушысы

КОММЕРЦИЯЛЫҚ САУДА ҚЫЗМЕТІНДЕ ШАРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада кәсіпкерлік қатынастарды шарттық реттеудің ерекшеліктері, оның ішінде сатып алу-сату шартының құқықтық қырлары, кәсіпкерлік қатынас субъектілері арасындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету ерекшеліктері қарастырылады. Шарт шарттық қатынастарға қатысатын субъектілердің мүдделерін қанағаттандыру шегіндегі тиімді құқықтық құралдардың бірін көрсетеді. Тек шарт қана қатал әкімшілік-құқықтық құралдардың көмегімен мүмкін емес негіздерге қол жеткізуге, экономикалық айналымда тәртіп пен тұрақтылық, ұйымдастырушылық секілді тәсілдерді қамтамасыз етуді құқықтық реттеудегі тараптардың өзара мүдделерін негіздейді.

Тірек сөздер: шарт, сатып алу-сату шарты, кәсіпкерлік қызмет, елеулі ережелер, тұтынушы, сатушы, сатып алушы, кәсіпкер.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности договорного регулирования предпринимательских отношений, в том числе правовые аспекты договора купли-продажи, обеспечивающие постоянство между субъектами предпринимательских отношений. Договор является одним из эффективных правовых средств удовлетворения интересов субъектов коммерческой деятельности. Связывая себя договором, предприниматель обретает уверенность в том, что произведенные им товары, выполняемые работы, оказываемые услуги найдут спрос у потребителя и будут реализованы. Все это, в свою очередь, способствует развитию производственной сферы.

Ключевые слова: договор, договор купли-продажи, предпринимательская деятельность, существенные условия, потребитель, продавец, покупатель, предприниматель (бизнесмен).

Abstract

The features of contractual regulation of the enterprise relations, including, legal aspects of the purchase and sale contract, and providing constancy between subjects of enterprise relations are considered in this article. The contract is one of effective legal remedies of satisfaction of interests of commercial activity subjects. Connecting himself the contract, the entrepreneur finds confidence that the goods made by him, performed works; rendered services will find demand at the consumer and will be realized. All this, in turn, promotes development of the industrial sphere.

Keywords: term, buying-selling terms, entrepreneurship, momentous rules, consumer, seller, buyer, businessman.

Шарт шарттық қатынастарға қатысатын, субъектілердің мүдделерін қанағаттандыру шегіндегі тиімді құқықтық құралдардың бірін көрсетеді. Тек шарт қана қатал әкімшілік – құқықтық құралдардың көмегімен мүмкін емес негіздерге қол жеткізуге, экономикалық айналымда тәртіп пен тұрақтылық, ұйымдастырушылық секілді тәсілдерді қамтамасыз етуді құқықтық реттеудегі тараптардың өзара мүдделерін негіздейді.

Еңбек ақы түрінде, кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар мен өзгеде табыстардан түскен ақша қаражаттарын азаматтар шарттың көмегі арқылы өз қалаулары бойынша жұмсап, өздерінің жеке материалдық және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті құндылықтарды ала отырып тырысады.

Шарт туралы түсінік рим құқығында бастау алып, қалыптасқан көп қырлы ұғымды, түсінікті білдіреді. Ол үш түрлі көзқарас тұрғысынан қарастырылған: құқықтық қатынастың пайда болу негізі ретінде, осы негізден пайда болатын сол құқықтық қатынастың өзі ретінде, және сәйкесінше құқықтық қатынасты қабылдаудың нысаны ретінде. Рим құқық жүйесінде шарт екі негізгі белгіні өзіне қосты: біріншіден, келісім (conventio, consensus) және екіншіден, анықталған мақсат түріндегі келісімнің ерекше негізі (causa). [1,120]. Рим құқығы Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің, құқықтық институттарының дамуына нақты әсер етті. Қазіргі уақытта, яғни Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің қалыптасу кезеңінде

рим жеке құқығының нормаларымен реттелген міндеттеме институты, оның ішінде шарттар ерекше орын алады. Бұған дәлел ретінде келесі жағдайларды келтіруге болады.

Нарықтық қатынастардың дамуымен Қазақстанда шарттық қатынастар да күрделенді. Олар әр түрлі және мүліктік байланыстардың анықталған нысанының көрініс табуына ие болды. Нарықтық қатынаста шарттардың кең қолданылуы шартқа отыру кезінде тараптардың ерік білдіруінің еріктілігімен байланысты. Азаматтар және заңды тұлғалар жасайтын шарттар, көбінесе, келісім негізінде қабылданады. Сонымен қатар, мемлекеттің шарттарды жасаумен орындау үрдісіне араласпауы, ықпал ету дәрежесі төмендей бастады. Сондықтан, біз шарттық құқықтың маңызына жаңа көзқараспен қараймыз және шарттық құқықтық аясының мәнді түрде кеңейгендігін көреміз.

Қазақстан Республикасының шарттық құқығының даму тарихы көп уақыт бойы даму жолдарынан өтті және ол қазақтардың жалпы құқығынан бастау алады, көп ғасырлар бойы табиғи түрде құқықтық нормаларды таңдап іріктеп алу барысында, соның ішінде шарт жасасу саласындағы аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін – мүліктік, міндеттемелік қатынастар болды.

Қазіргі құқық теориясында «шарт» термині түрлі негізде қолданылады. Яғни, шарт болып бір авторлардың пікірі бойынша, біріншіден, құқықтық қатынастың пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негізі, яғни заңдық дерек және екіншіден, көрсетілген негізді тудыратын құқықтық қатынастың өзі табылады. Ал басқа авторлардың пікірінше шарт ретінде заңдық дерек пен шарттық міндеттемеден басқа міндетті құқықтық қатынасты тұрақтандыратын дерек бекітілген құжат түсініледі.

Құқық теориясындағы «шарт» түсінігінің мазмұны туралы қалыптасқан түрлі тұжырымдамалардың құқықтық шегінің қағидасын назарға ала отырып, аталған мәселені шешуде ең алдымен шарт анықтамасының заңдылық тұжырымдамасын қарастыру қажет. Сонымен, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдылықтарына сәйкес шарт болып міндеттілік туындайтын заңдық деректі түсіну қажеттілігі түсіндіріледі. Кәсіпкерлік қатынастарды шарттық реттеудің өзектілігі келесіде:

- қазіргі экономикалық жағдайдағы кәсіпкерлік қатынастардағы шарттың маңыздылығы;
- аталған құқық нысанынсыз кәсіпкерлік саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу мүмкін болмағандықтан;
- мүліктік айналымдағы құқықтық реттеудегі шарттың орталық жағдайынан;
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысындағы шарт туралы жалпы ережелерге жауап беретін шарттың жаңа түрлерінің санының көптеп пайда болуымен;
- шарт туралы жалпы оқулардың жеткілікті өңделмеуі (арнайы нормалардың дамуымен салыстырғанда);
- аталған мәселе сұрақтары бойынша ҚР заң жобаларын дайындаушылар мен ғалым – заңгерлер арасындағы тұрақты пікірталастың пайда болуымен.

Шарттардың ішінде кәсіпкерлік қатынастарда кең тараған түрі сатып алу-сату шарты болып табылады. Сатып алу-сату шарты мүлікті меншікке немесе өзге де заттық құқыққа беру бойынша міндеттемелердің негізгі түрі болып табылады.

Қазіргі таңда сатып алу-сату – бұл кәсіпкерлік қызмет аумағында қолданылатын, азаматтық айналымның ең кең тараған, сонымен қатар, ол кәсіпкерлер мен тұтынушы-азаматтар (бөлшек сатып алу-сату) арасындағы қатынастарды дәріптейтін шарт.

Сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлікті (тауарды) екінші тараптың (сатып алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе оралымды басқаруына беруге міндеттенетін, ал сатып алушы бұл мүлікті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенеді [2]. Осы аталған жағдайлар сатып алу-сату шартының кәсіпкерлік қызмет саласындағы орны мен маңызын анықтауға негіз болып отыр.

Мақаланың мақсаты кәсіпкерлік қызмет саласында пайда болатын қатынастарда сатып алу-сату шартының орны мен маңызын анықтау болып табылады.

Қоғамның және әлеуметтік-саяси және экономикалық қатынастардың дамуының жаңа дәуірі шаруашылық байланыстарды құқықтық реттеудің жаңа тәсілдерінің пайда болуын, нормашығарушылық қызметтің өркениеттік доктринаға, оның ішінде шарттық құқықта шоғырлануын талап етті. Құқықтық реттеудің жаңалығын ескере отырып, нарықтық қатынастардағы шарттық құқық қазіргі уақытта кәсіпкерлік қатынастарды шарттық реттеудің тез өсуіне әкеліп соққан, сауданың дамуына негізделген белгілі бір қиындықтарды бастан

кешуде. Қазіргі Қазақстан Республикасы шарттық құқығының қалыптасуы пайда болу мен дамыту мәселелерін туындататын әлемдік нарықтық бәсекелестікті жою жағдайларынан шығады.

Зерттеу жұмысын жазу үшін зерттеу әдістемесі ретінде заңшығарушылық және заңға бағынышты актілер, нормативтік құжаттар, отандық және шетелдік танымал заңгерлердің монографиялары, сондай-ақ мерзімді басылымдар қолданылды. Методологиялық негіз ретінде құқықтық зерттеу әдістері тарихи-құқықтық, ресми құқықтық, салыстырмалы құқықтық және заң құбылыстарын талдау жүйесі әдістері басшылыққа алынып зерттелінді.

Ресей және Қазақстан аймағында аталмыш тақырыпқа талдау жасау үшін ресейлік ғалымдардың жасаған зерттеулері біз үшін ғылыми қызығушылық танытады. Яғни біріншіден екі елдің бастапқы экономикалық жағдайларында ұқсастықтарының болуы, екіншіден шаруашылық қызметтің құқықтық реформалардың бағыттарында сәйкестіктерінің болуында көрініс табады.

Сатып алу-сату шарты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті материалдық базаны қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аталмыш шарт арқылы кәсіпкерлерде олармен шығарылатын тауарлар тұтынушыларда сұраныс тауып, әрі қарай жүзеге асырылатындығына қатысты сенімділік пайда болады. Осының бәрі өз кезегінде өндірістік саланың дамуына әрекеттеседі. Осы аталған жағдайлармен сатып алу-сату шарты рөлінің қазіргі нарықтық қатынастарда жоғарлануы негізделген.

Сатып алу-сату шарты азаматтық айналымның қатысушыларының белсенділігінің негізгі нысаны түрінде көрінеді. Қазіргі экономикалық қатынастардағы өзгерістер шартты міндетті түрде жасасуды қысқартудан туындайды, енді соңғысының жағдайы заңмен тұрақтандырылған ретте тараптардың өздерімен анықталатын болады. Негізгі белгілеу заң шегінде адамдардың тәртіптерін олардың мүмкін және тиісті тәртіптерін көрсету жолымен реттеуге негізделеді.

Шарттық нысандардың қалыптасуы қазіргі шарттық құқықтың маңызды мақсаттарын анықтап береді: ұлттық экономиканы ұмтылдырудың жаңа құралдарын табу және оның әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, өндірістің дамуыш монополизациясы жағдайында кәсіпкерлік қызметке қажетті бостандықты қолдау, шаруашылық байланыстарды реттеудің құқықтық механизмін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі сатып алу-сатуды белгілі бір сатып алу сомасына мүлікті иеліктен шығару бойынша міндеттеменің барлық түрін қамтитын тектік ұғым ретінде түсіндіреді. Сатып алу-сату шартының кең тараған түрлері ретінде келесілерді көрсетуге болады: бөлшектеп сатып алу-сату шарты (ҚР АҚ 445 б.), тауар жеткізілімі шарты (ҚР АҚ 458 б.), келісім – шарт жасасу шарты (ҚР АҚ 478 б.), энергиямен жабдықтау шарты (ҚР АҚ 482 б.), кәсіпорынды сату шарты (ҚР АҚ 493 б.). Дегенмен, жоғарыда көрсетілген шарттардың тізімін жеткілікті деп айтуға болмайды, себебі ҚР АҚ, реттеудегі басты орын ҚР АҚ жатпайтын, ал арнайы заңдармен және заңға бағынышты актілерге жататын басқа да шарттардың түрлері туралы көрсетеді (бағалы қағаздарды, валюталық құндылықтарды, мүліктік құқықтарды және т.б. сатып алу-сату. ҚР АҚ 406 б. 2 т.-5.т) [3; 128].

Заңдық табиғаты бойынша сатып алу-сату шарты әдетте консенсуалды (барлық елеулі ережелері бойынша тараптар келісімге келген мезетте шарт жасалған болып табылады), құнды (тауарды беру бойынша міндеттемені орындау негіздемесі сатып алу құны немесе керісінше түрде қарсы қанағаттандыруды алу болып табылады), өзара (синаллагматикалық) (екі тарапта да субъективті құқықтар мен міндеттердің болуы) шарттарға жатқызылады.

Заң шарттың ауызша және жазбаша нысанда жасалуына, тек кәсіпорынды сатып алу-сату шартын жасау барысында арнаулы білікті нысанды сақтау міндеттілігін бекіте отырып жол береді. Яғни, ҚР АҚ 494-бабына сәйкес, мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатып алу-сату шарты жазбаша нысанда жасалады және міндетті мемлекеттік тіркелуге жатады және тіркелген кезінен бастап жасалған болып есептеледі [2]. Осындай нысан жылжымайтын мүлікпен жасалған барлық шарттарға тарайды. Басқа жағдайлардың барлығында сатып алу-сату шарттары мәмілелердің нысандары туралы жалпы ережелерге сәйкес рәсімделуі тиіс.

Сатып алу-сату шартының тараптары – сатушы мен сатып алушы болып азаматтық құқықтың кез келген субъектілері түсе алады: азаматтар, заңды тұлғалар немесе мемлекет. Алайда олардың сатып алу-сату шартының жекелеген түрлеріне қатысуы шарттың заңды табиғатымен, сондай-ақ субъектінің құқықтық жағдайының ерекшеліктерімен шектелуі мүмкін.

Сатып алу-сату шартының жалғыз елеулі ережесі – бұл оның пәні. Пән – бұл сатушының сатып алушыға беруге міндеттенетін мүлкі. Пәнді «тауар» ұғымымен анықтайды. Қазіргі

таңда пән ретінде кез келген мүлік болуы мүмкін, соның ішінде сатуға рұқсат берілген жылжитын және жылжымайтын мүліктер де бар. Шарт жасасқан кезде сатушының қолында бар тауарды, сондай-ақ заң актілеріде өзгеше белгіленбесе немесе тауардың сипатынан өзге жағдай туындамаса, шарт жасасу кезінде сатушыда жоқ, бірақ кәсіпкердің (сатып алушының) болашақта шығаратын немесе сатып алатын тауарын сатып алу-сатуға шарт жасалуы мүмкін. Егер шарттың мазмұны тауарлардың атауын және санын айқындауға мүмкіндік берсе, сатып алу-сатудың пәні туралы талап (елеулі талап) келісілген деп есептеледі.

Сатып алушыға берілуге тиіс тауар саны шартта тиісті өлшем бірліктеріне сәйкес немесе ақшалай түрде көзделуі тиіс. Сонымен қатар, тауарлардың саны туралы талап оны айқындау тәртібін шартта белгілеу жолымен келісілуі мүмкін. Мұны атап өту маңызды, себебі тауар саны шарттың елеулі ережелеріне жатады және оның шартта көзделмеуі шарттың жасалмағандығын тануға әкеледі.

Тауардың саны туралы шарт талаптары бұзылған жағдайда, сатып алушы, егер шартта өзгеше көзделмесе, берілген тауарлардан және оларға ақы төлеуден бас тартуға, ал егер ақысы төленіп қойған болса, оған төлеген ақша сомасын қайтаруды және шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы [4,37].

Сатып алу-сату шартында тауарлар белгіленген түрлеріне, үлгілеріне, мөлшеріне, түстері мен өзге де белгілеріне (түр-түрі) қарай берілуі тиіс деп көзделуі мүмкін. Мұндай шарт бойынша сатушы сатып алушыға тауарларды тараптар келіскен түр-түрі бойынша беруге міндетті (ҚР АҚ 420 б.).

Отандық және әлемдік тәжірибені саралай отырып, ҚР Азаматтық кодексі тауардың сапасына қатаң кепілдік және тауарға қойылған талаптарды бұзғаны үшін сатушыға шектеуге жатпайтын жауапкершілік бекітеді.

Тауар сапасы – бұл стандарттармен, техникалық ережелермен, үлгілермен, эталондармен, басқа да нормативтік актілермен, сондай-ақ шартпен бекітілген тауар қасиеттерінің жиынтығы. Сатылатын тауардың сапасы шарт талаптарына сәйкес келуі тиіс. Шартта тауардың сапасы туралы талаптар болмаған жағдайда сатушы сатып алушыға әдетте осы сияқты тауар пайдаланылатын мақсаттарға жарамды тауар беруге міндетті.

Тиісті сапасы жоқ тауарды беру сатып алушының мүддесін едәуір кемсітеді, сондықтан оған қорғанудың әртүрлі әдістері ұсынылады, олар ҚР АҚ 428 б. және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР Заңында көрініс тапқан. Сонымен, егер сатушы тауардың кемшіліктері туралы айтпаған болса, тиісті сапасы жоқ берілген сатып алушы өз қалауы бойынша сатушыдан:

- тиісті сапасы жоқ тауарды шартқа сәйкес келетін тауармен алмастыруды;
- қисынды мерзімде тауардың кемшіліктерін тегін жоюды;
- сатып алу бағасын сол мөлшерде кемітуді;
- шартты орындаудан бас тартуға және тауар үшін төленген ақша сомасын қайтаруды;
- тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсаған өз шығындарын өтеуді талап етуге құқылы [5].

Маңызды мәнге тауар сапасына кепілдік туралы нормалар ие. Тауар сапасына заңдық кепілдік пен шарттық кепілдікті ажырата білу қажет.

Шарттық кепілдік оны шартпен бекіткен жағдайда қолданылады. ҚР АҚ заңдық кепілдіктің мәні келесідей көрініс тапқан: тауарлар оларға қойылатын сапа талаптарына сәйкес келуі тиіс, сатушы сатып алушыға беруге міндетті тауар оны сатып алушыға берер кезде, егер тауардың бұл талаптарға сәйкестігін айқындаудың өзгеше жағдайы шартта көзделмесе, қисынды мерзім шегінде әдетте осы тектес тауар пайдаланылатын мақсаттар үшін жарамды болуға тиіс.

Шартта сатушының тауар сапасына кепілдік беруі көзделген жағдайда (шарттық кепілдік) сатушы шартта белгіленген белгілі бір уақыт кезеңі (кепілді мерзім) ішінде сатып алушыға сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиісті тауар беруге міндетті.

Кепілді мерзімнің маңыздылығы келесі жағдайлармен анықталады: біріншіден, олар тауардың сапасы бойынша талаптар қою мүмкіндігін уақыт бойынша ұзартады, екіншіден, басқа мерзімдермен салыстырғанда сатып алушылардың мүдделерін қорғауға қосымша мүмкіндіктер береді. Яғни: а) сатып алушыға тауардағы ақаулықтың себебін дәлелдеу қажет емес, в) егер тауардағы кемшіліктердің сатушы олар сатып алушыға берілгеннен кейін сатып алушының тауарды пайдалану немесе оны сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың әрекеттері немесе дүлей күштің салдарынан пайда болғанын дәлелдемесе,

кепілді мерзім ішінде анықталған кемшіліктер сапасыз тауарды ауыстыруды немесе оның құнын өтеуді талап етуге құқық береді, с) дәлелдеу ауыртпалығы сатушыға жүктелген.

Тауар сапасына кепілдік берумен тауардың жарамдылық мерзімін ажырата білу қажет. Жарамдылық мерзімі дегеніміз заңдарда, мемлекеттік стандарттардың міндетті талаптарында немесе басқа да міндетті ережелерде бітуіне қарай тауар мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп саналатын уақыт кезеңі және ол тауарды дайындалған күннен бастап есептеледі.

Сатушы жарамдылық мерзімі белгіленген тауарларды сатып алушыға жарамдылық мерзімі біткенге дейін олардың мақсаты бойынша пайдалануға болатындай есеппен беруге міндетті.

Сатып алу – сату шарты бойынша сатушы сатып алушыға жиынтықтылық туралы шарттың талаптарына сәйкес тауарлар беруге міндетті, ал шартта мұндай жағдай белгіленбеген ретте тауардың жиынтықтылығы іскерлік айналым дағдыларымен немесе әдетте қойылатын өзге де талаптармен анықталады.

Сатушының шарттың тауардың жиынтықтылығы туралы ережесін бұзуы және тауарларды жиынтағанда беру ережелерін бұзуы ұқсас салдар тудырады: сатып алушы өз қалауы бойынша сатушыдан сатып алу бағасын сол мөлшерде кемітуді немесе тауарларды қисынды мерзімде толымды жиынтықтауды талап етуге құқылы. Егер сатушы сатып алушының қисынды мерзім ішінде тауарды толымды жиынтықтау туралы талабын орындамаса, сатып алушы жиынтықталмаған тауарды жиынтықталған тауармен алмастыруды және шартты орындаудан бас тартуға және тауар үшін төленген ақша сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

Сатып алушы сатушыға шарттағы тауардың саны, түр-түрі, сапасы, жиынтықталуы, ыдысқа салынуы және буып-түйілуі туралы талаптарды бұзуымен байланысты қандай да бір талап қоюы үшін қажетті ереже, сатушыны сатып алу-сату шартын тиісті түрде орындамағаны туралы хабарлау болып табылатындығын ескере кеткен жөн.

Сатып алу – сату шартының бағасы – бұл сатып алушының сатушыға төлейтін белгілі бір ақша сомасы және сондай-ақ шарттың елеулі ережесі болып табылады, сатып алушының міндеті сатушыға сатып алу бағасын төлеу болып табылады. ҚР АҚ 438 б. сәйкес, сатылған тауардың бағасын анықтауға шарт ережелері мен заңнама мүмкіндік бермеген жағдайда, шарт жасасу кезінде осыған ұқсас жағдайларда әдетте осы сияқты тауарлар үшін алынатын баға бойынша сатылды деп есептелінеді.

Мерзім сатып алу-сату шартында тараптардың келісімімен немесе заңмен белгіленген жағдайда маңызға ие болады, сонымен қатар затты беру мерзімі (кезі) тауардың кездейсоқ жойылу немесе бүліну қаупінің ауысуы барысында да маңызды рөл атқарады.

Сатушының басты міндеті сатып алушыға тауарды беру болып табылады. Оның тиісті түрде орындалуы, жоғарыда сөз етілген, тауарға заңмен қойылатын талаптармен тікелей байланысты. Сонымен, сатушы сатып алушыға келесідей сипаттағы тауарды беруге міндетті: тиісті сападағы; келісілген санда; келісілген түр-түрінде; сәйкес жиынтықтылығы мен жиынтығында; оған қатысты керек-жарақтар мен құжаттармен; үшінші тұлғалардың құқықтарынан тыс.

Қалыпты жағдайдағы нарық заң мен шарт арқылы тек сатып алушының құқықтарын қамтамасыз етуді ғана емес, сондай-ақ өз тауары үшін алуға тиісті сатушының да құқықтарын қамтамасыз етуді қарастырады. Сатып алушының тауарды қабылдау мен оның ақысын төлеу міндетін анық түрде реттеу, әсіресе, қазіргі таңдағы төлемдерді жүргізбеу жағдайында маңызды болып табылады.

Шартпен белгіленген мерзімде және тәртіпте тауарды қабылдау міндетін орындау, көбінесе сатушының сатып алушыға тауарды алуға және беруге мүмкіндік тудыратын қажетті іс-қимылдар жасау міндетін білдіреді (жүкті тиеп түсіруді жүзеге асыратын мекен-жайды хабарлау, тауарларды жеткізу үшін көлік құралдарын беру, егер сатып алушының бұл міндеті шарттан туындаса және т.б.).

ҚР АҚ, егер заңнамамен немесе шартпен өзгеше белгіленбесе, не міндеттеменің мәнінен өзгеше туындамаса, сатып алушы тауарға оны сатушы бергеннен кейін немесе бергенге дейін толық баға мөлшерінде ақы төлеуге міндетті деп белгілейді. Егер сатып алушы шартқа сәйкес берілген тауарға ақы төлеу міндетін орындамаса, сатушы одан тауар ақысын төлеуді және басқа біреудің ақшасын пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

Сатып алушының тауарға ақы төлеу міндеттемесіне шартпен немесе заңнамамен сәйкес талап етілетін, тауарға ақы төлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін (шартпен көзделген

аккредитивті ашу, банктік кепіл беру және т.б) шараларды жүзеге асыру және қандайда бір нысандылықтарды сақтауды қамтамасыз ету кіреді. Сатып алушы шартпен анықталған немесе шартпен белгіленген тәртіпте (әдіспен) есептелген баға бойынша тауарға ақы төлеуге міндетті. Егер шартта баға көзделмесе сатып алушы ақы төлеу міндетін шарт жасасу кезінде осыған ұқсас жағдайларда әдетте осы сияқты тауарлар үшін алынатын баға бойынша жүзеге асыруы тиіс [6, 325]. Тауарға алдын ала ақы төлеумен байланысты мәселелер арнайы реттеледі. Егер есеп айырысудың осындай тәртібі шартпен белгіленсе, бірақ оған қарамастан сатып алушы өз міндетін орындамаса, онда сатушы тауарды беруден бас тарту немесе өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұру құқығына ие болады. Егер сатушы ақысы алдын ала төленген тауарды беру жөніндегі міндетін орындамаса, сатып алушы сатушыдан ақысы төленген тауарды беруді талап ету немесе алдын ала төленген ақыны қайтаруды талап етумен қатар, басқа біреудің ақшасын пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында сатып алу-сату шартының бөлшектеп сатып алу-сату, тауар жеткізілімі, келісім-шарт жасасу, энергиямен жабдықтау және кәсіпорынды сату шарттары сияқты түрлері кеңінен қолданылады. Жоғарыда аталған сатып алу-сату шартының құқықтық реттелу ережелерін кәсіпкерлер мен тұтынушылар арасындағы кәсіпкерлік қатынастарда дұрыс қолдану кәсіпкерлік қатынастардың тұрақтануына септігін тигізеді анық.

Аталған мәселені зерттеу барысында анықтағанымыз келесідей көрінеді:

- кәсіпкерлік қатынастарды шарттық құқықтық реттеуде императивтік және диспозитивтік нормалардың ара қатынасының мәселелері;

- құқықтық реттеудің теңдігі; яғни шарт жасасу және оны орындау туралы жалпы ережелер мен принциптермен қатар қазіргі уақытта шарттар туралы, олардың объектілері мен міндеттемелерін реттейтін көптеген арнайы ережелер қалыптастырылуда;

- дәстүрлі шарттармен қатар мемлекет жағынан жоспарлы – бұйрықтық басқару жүйесін тарату мен нақты құқықтық реттеуді талап етумен байланысты шарттың басқа да көптеген түрлерінің пайда болуы;

- тек мемлекет тарапынан ғана емес, сонымен қоса фирма тарапынан тәжірибеде қолданылатын шарттық құқықтың интенсивті стандартталуы, яғни ұмтылыстың нәтижесінде шарт жасасудың тәртібін қарапайым, әрі жеңілдетіп, өзіне типтік шарттар жасайды, ол басқа тарапқа негізделеді;

- кәсіпкерлік қатынастардағы шарттар табиғаты бойынша отбасы, еңбек және басқа да құқық салаларының шарттарына қарағанда ерекше. Осыған байланысты олар қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуде бір-біріне қарсы келмеуі тиіс және азаматтық-құқықтық шарттардың бірыңғай ортасына біріге алмайды, бірақ біздің елімізде қоғамдық байланыстарды реттеу жүйесінде басшы орындарды ала отырып, кәсіпкерлік құқықтың әрекеті шегіндегі қоғамдық қатынастарды да реттеуі керек.

Сатып алу-сату шарты өз алдына әрбір мүддесі үшін екінші тараптың осы мүдделерді қанағаттандыруы арқылы жүзеге асырылатын өте көп кездесетін құқықтық тәсілдердің бірі. Сондықтан да жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу арқасында ғана кәсіпкерлік қызмет аясында қолданылатын шарт ұйымшылдық тәртіп, тұрақтылықты қамтамасыз етуге қабілетті. Тараптар еркіндігі автономия институты мен аса тығыз байланыс қағидасы шартқа қолданылатын құқықты анықтаудың жалпы негізі ретінде алынады. Бірақ сатып алу-сату шартының әртүрлі түрлерінің өзгешеліктері субъективтік және объективтік әдістердің ерекшеліктерін анықтайды. Сонымен қатар, шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған тарапқа қандай жауапкершілік жүктелетінін әрбір шартта айқын көрсетілуі керек.

Шарттардың нысанын жетілдіру қазіргі шарттық құқық мақсаттарын алдын ала анықтайды: ұлттық экономиканы ынталандыру үшін жаңа амалдарын іздеу және оның бәсеке күресін әлем нарығына көтеру, шаруашылық байланыстарын реттейтін құқықтық механизмді жетілдіру.

Осы аталмыш кемшіліктерді жоғарыда ұсынған жағдаяттар арқылы орнын толтыратын болсақ шарттың мүліктік айналымда алатын орны, мүліктік қатынастарды құқықтық реттеу құралы ретіндегі рөлі мен мәні артқан үстіне артар еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

- 1 Новицкий И. Б. Основы римского гражданского права. Учебник для вузов. Лекции – М: Издательство. ЗЕРЦАЛО, 2000. – 400 б.
- 2 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлімдері) – Алматы: Юрист, 2010. – 352 б.
- 3 Киздарбекова А. С. Предпринимательское право. Учебное пособие. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2010. – 198 б.
- 4 Гражданское право. Том 2. Учебник. Издание третье, переработанное и дополненное / Под ред. Толстого Ю. К., Сергеева А. П. – Москва: Проспект, 2000. – 736 б.
- 5 Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы (2014.13.01. берілген өзгерістермен) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30711870
- 6 Гражданский Кодекс Республики Казахстан (Особенная часть). Комментарий (постатейный): В двух книгах. Книга 1. / Отв. ред.: М. К. Сулейменов, Ю. Г. Басин. – Алматы: НИИ частного права КазГЮУ, 2006. – 872 б.